

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИЕТІ
Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: « Түбір өзектерін дәрі - дәрмекпен өңдеуге арналған
препараттардың клиникалық фармакологиясы.»

Орындаған: Қазақбай Б.А, 4001 стом
Тексерген: Исина З.Е

Қарағанды 2015 ж.

Жоспар:

1. Кіріспе

2. Негізгі бөлім:

- ▶ Медикаментозды өңдеудегі препараттар қойылатын талаптар
- ▶ Түбір өзектерін өңдеуге арналған медикаментозды заттардың жіктелуі
- ▶ 3% сутегі асқын тотығы. Клиникалық фармакологиясы.
- ▶ Құрамында хлоры бар препараттар. Клиникалық фармакологиясы.
- ▶ Натрий гипохлорит ерітіндісі (NaOCl). Клиникалық фармакологиясы.
- ▶ Йод препараттары. Клиникалық фармакологиясы.
- ▶ Нитрофуран қатарындағы препараттар. Клиникалық фармакологиясы.
- ▶ Төрттік аммоний қосылыстары. Клиникалық фармакологиясы.
- ▶ Этилендиаминтетрауксус қышқылы (ЭДТА). Клиникалық фармакологиясы.

3. Қорытынды

Кіріспе

Қазіргі таңда түбір өзектерін өңдеуге арналған препараттардың сан алуан түрлері бар. Олар қасиеттері жағынан, құрамы жағынан, әсер ету спектрі жағынан ерекшелінеді. Олар спецификалық емес, спецификалық және арнайы комплексондар болып бөлінеді.

Медикаментозды өңдеудегі препараттар келесі талаптарға сай болуы керек:

- Бактерицидті қасиеті болу керек
- Апикальді тінге зиянды болмау керек
- Сенсibiliздеуші әсер көрсетпеуі және тұрақты штамды микроорганизмдердің пайда болуына қарсы әсерінің болуы
- Тез әсер беруі және дентинді өзекке тереңірек кіруі
- Органикалық заттың болуында өзінің эффективтілігін жоғалтпау керек
- Мүмкіндігінше нашар иісі және дәмі болмау керек
- Химиялық тұрақты және өзінің белсенділігін ұзақ уақыт сақтауы қажет.

Түбір өзектерін өңдеуге арналған медикаментозды заттардың жіктелуі

I. Спецификалық емес.

1. Құрамында оттегі бар: 3% асқын сутегі ерітіндісі және тағы басқалар.
2. Құрамында галоген болуы:
 - ▶ Хлорлы: 1-2% хлорамин ерітіндісі, 0,2% хлоргексидин биглюконат ерітіндісі, 3-5% гипохлорит натрий ерітіндісі (некротизделген тіндерді ерітеді гарм оң және грам теріс бактерияларға бактерицидті әсер етуі, саңырауқұлақ және вирустар);
 - ▶ Йодты: 1% йодиол ерітіндісі йодтың поливинил спиртпен кешенді байланысы (бактерицидті, фунгицидті әсер етуі, тін регенерациясын тездетеді).
3. Нитрофуран қатарындағы препараттар: 0,5% фурацилин ерітіндісі (кең әсерлі, антиэкссудативті әсер етеді).

Түбір өзектерін өңдеуге арналған медикаментозды заттардың жіктелуі

4. Төрттік аммоний байланысы: 0,1% декамин ерітіндісі (споро түзуші микроорганизмдерге және ашытқы тәрізді саңырауқұлақтарға бактерицидті әсер етеді.)
5. 20% диметилсульфоксид (димексид) ерітіндісі (антисептикалық, қабынуға қарсы, анальгезирлеуші, бактериостатикалық, фунгицидті әсер көрсетеді).
6. Протеолитикалық ферменттер: химопсин, трипсин, химотрипсин (қабынуға қарсы, ісінуге қарсы, некротизирленген массаны ерітеді, имобилизденген протеолитикалық формалары белсенділігін 3 күннен 6 күнге дейін сақтайды).
7. Нәруызды фермент: 0,1% лизоцим ерітіндісі (ағза тінінде қабынуға қарсы, токсикалық емес, спецификалық емес ағзаның рекативтілігін стимулдайды).

Түбір өзектерін өңдеуге арналған медикаментозды заттардың жіктелуі

8. Ортофен және оның аналогтары (қабынуға қарсы күшті әсерлі).

II. Спецификалық антибиотиктер және олардың протеолитикалық ферменттері, антибактериалды заттар (трихопол).

Арнайы комплексондар: ерітінділер, гелдер этилендиаминтетраацетат (ЭДТА), лимонды және пропионды қышқыл.

3% сутегі асқын тотығы. Клиникалық фармакологиясы.

Әсер ету механизмі:

- ▶ Тінмен жанасқанда сутегі сақын тотығы суға және сутегі атомына бөлінеді.
- ▶ Газ көпіршіктерінің бөлінуі кезінде көпірудің әсерінен өзек некротизирленген бөлшектерден және дентиндік қалдықтардан механикалық тазарады, ал оттегі бактерицидті әсер көрсетеді.
- ▶ Одан бөлек, сутегі асқын тотығы қан тоқтатушы әсерге ие, және оны пульпаны алып тастағаннан кейін қан тоқтату үшін пайдаланады.
- ▶ Алайда, сутегі асқын тотығы натрий гипохлориді сияқты некротизирленген органикалық тіндерді еріте алмайды, сондықтан эндодонтияда каналды өңдеу кезінде осы екі препаратты кезектеп қолдану ұсынылады. Екеуін кезектеп қолдану кезінде олардың арасында пайда болатын реакция әсерінен оттегі атомы мен хлор бөлінеді. Бұл өңдеудің сапасын жақсартады.



Құрамында хлоры бар препараттар. Клиникалық фармакологиясы.


Әсер ету механизмі:

- ▶ Тінмен жанасқанда хлорлы газ тәрізді масса бөлініп, ол өзек пен тар дентин өзекшелеріндегі қалдық органикалық қалдықтарды бұзып құрамындағы микроорганизмдерге бактерицидті әсер етеді.
- ▶ Бұл препараттар бактерицидті, дезориңлейтін және әлсіз ағартқыш әсер көрсетеді. Бактерияларға, саңырауқұлақтарға белсенді қарсы әсер етеді, бірақ периодонт тіндеріне токсикалық әсер жоқ.
- ▶ Бұл топқа жатады:
 - ▶ 1-2% хлорамин ерітіндісі,
 - ▶ 0,2% хлоргексидин биглюконат ерітіндісі
 - ▶ 3-5% гипохлорит натрий ерітіндісі




Механизм действия хлоргексидина на бактериальную клетку


ХГС - хлоргексидин



Активный или пассивный транспорт




отрицательно заряженные фосфатные группы на поверхности мембран



положительно заряженные катионы ХГС



Распад и гибель клетки



Утечка клеточного содержимого, в том числе АТФ

ХГС взаимодействует с фосфатными группами, нарушая осмотическое равновесие в клетке

Натрий гипохлорит ерітіндісі (NaOCl). Клиникалық фармакологиясы.

- ▶ Тірі, некротизделген және химиялық жолмен бекіген тіндерді жақсы ерітеді.
- ▶ Бактерицидті әсерге ие.
- ▶ Тітіркендіргіш әсер етуі мүмкін.
- ▶ 1 - 5 % ерітінділері қолданылады.
- ▶ Өзекті шаю үшін эндодонтиялық инесі бар шприцпен қолданылады.
- ▶ Бір өзекті өңдеу үшін 5-10 мл ерітінді қажет.
- ▶ «Septodont» фирмасы 250 мл флакондағы 3%-дық стабилизденген жоғары тазартқыш әсері бар «Паркан» гипохлорит ерітіндісін шығарады.



Йод препараттары.

Клиникалық фармакологиясы.

- ▶ Бұл топ препараттарының атақтысы **йодиол** болып табылады. Ол йодтың поливинилды спиртке қосылысының өнімі. Түсі күңгірт көк.
- ▶ Бактерицидті, фунгицидті әсер етеді, периодонт тінінің қорғаныштық қасиетін стимулдейді, репаративті регенерацияны жоғарылатады.
- ▶ Поливинилді спиртпен қосылуы нәтижесінде, йод біртіндеп бөлініп, препарат ұзақ емдік қасиет көрсетеді.
- ▶ Сонымен қоса, поливинилді спирттің әсерінен йодтың тінге әсер ететін тітіркендіргіш қасиеті азаяды.
- ▶ Эндодонтияда йодиол түбір өзектерін медикаментозды өңдеуге және түбірлік өзектің тазалық индикаторы ретінде қолданылады. Ол зақымданған тіндермен немесе іріңмен жанасқанда түссізденеді.



Йод препараттары.

Клиникалық фармакологиясы.

- ▶ Бетадине (йодповидон)
- ▶ Негізгі компоненті:
поливинилпирролидонйод түріндегі
белсенді йод.
- ▶ 1% ерітінді ретінде қолданылады.
- ▶ Бактерияларға, қарапайымдыларға,
саңырауқұлақтарға, вирустарға қарсы әсер
етеді.
- ▶ Тінмен жанасқанда құрамындағы йод босап
шығып ,микроорганизмдерге бактерицидті
әсер көрсетеді.



Нитрофуран қатарындағы препараттар. Клиникалық фармакологиясы.

- ▶ Кең спектрлі антисептикалық әсер етеді.
- ▶ Экссудатқа қарсы, фагоцитозға стимулдеуші әсер етеді.
- ▶ Түбірлік өзектерді өңдеу үшін:
- ▶ 0,5% фурацилин
- ▶ 0,1-,15% фурадонин, фурагин, фуросолидон ерітінділері қолданылады.



Төрттік аммоний қосылыстары. Клиникалық фармакологиясы.

- ▶ Төрттік аммоний қосылыстары – бұлар катионды детергенттер, спора түзбейтін бактериларға және ашытқы тәрізді саңырауқұлақтарға бактерицидті және бактериостатикалық әсер етеді.
- ▶ Эндодонтиялық емдеуде түбірлік өзектерді шаю үшін келесі сулы ерітінділерді қолданады:
- ▶ 0,1% декамин ерітіндісі
- ▶ 0,15% декаметоксин ерітіндісі
- ▶ Шетелде:
- ▶ 1% бензалконий хлорид ерітіндісі
- ▶ 1% цетилпи-ридин хлорид (биосепт) ерітіндісі қолданылады.



Протеолитикалық ферменттер. Клиникалық фармакологиясы.

- ▶ Периодонтиттерді емдеудегі эффективті препараттар болып табылады.
- ▶ Олар таңдамалы түрде тірі тіндерді зақымдамай, некротизирленген массаларды, экссудат пен қан ұйымаларын ерітуге, қабыну ошағындағы оттекті жақсартуға қабілетті.
- ▶ Одан басқа, протеолитикалық ферменттер фагоцитозды белсендіріп, бактериалды токсиндерді бұзады, қабынуға және ісінуге қарсы әсер етеді.
- ▶ Түбірлік өзектерді өңдеу үшін:
- ▶ трипсин
- ▶ химотрипсин
- ▶ панкреатин
- ▶ Имобилизденген ферменттер: профизма мен имозима ерітінділері қолданылады.



Этилендиаминтетрауксус қышқылы (ЭДТА).

Клиникалық фармакологиясы.

- ▶ Тар және склерозденген каналдарды өңдеуде қосымша препарат ретінде қолданылады.
- ▶ Түбір өзегінің дентин қабатын жұмсартады, жағылған қабатты ерітеді, дентин өткізгіштігін жоғарылатады.
- ▶ 5 минуттық дентин экспозициясынан кейін дентинде 20-30 мкм деминерализация ошағы пайда болады.
- ▶ ЭДТА айқын антибактериалды қасиетке ие емес.
- ▶ ЭДТА қолданар алдында өзекті гипохлорит натрий ерітіндісімен өңдеп алған жөн.
- ▶ Және ЭДТА қолдану кезінде гипохлорит натриймен бірге кезектесіп түбір өзегін өңдеген жөн.



Қорытынды

Эндодонтиялық емдеуде дәрі - дәрмекті түбірлік өзекті өңдеу өте маңызды. Түбірлік өзекті аспапты өңдеу кезеңінде қолданылады. Түбірдің қосымша өзектеріне, микроөзектеріне және тарамдарына жақсы пломбалық материалды енгізу мүмкіншілігін жоғарылату үшін ұлпаның органикалық қалдықтарын, дентин ұнтақтары, өзектің майланған қабатын алу негізгі мақсаты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- ▶ <http://www.volgostom.ru/referati-terapevticheskaya-stomatologiya/medikamentoznie-preparati-primenyaemie-v-endodontii>
- ▶ Базикян Э.А. Пропедевтикалық стоматология

Назарларыңызға рахмет!